

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Премьер-Министрі орынбасарларының арасында міндеттерді бөлу туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 9 қараша N 1140. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.03.19. N 273 қаулысымен. ~P990273

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Премьер-Министрі орынбасарларының арасында міндеттерді бөлу бекітілсін. (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі және Премьер-Министрдің орынбасарлары арасында міндеттерді бөлу туралы" 1998 жылғы 20 наурыздағы N 244 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы  
9 қарашадағы  
N 1140 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен

Премьер-Министрі орынбасарларының  
арасында міндеттерді бөлу

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі  
Н.Ө.Балғымбаев

Үкіметтің қызметіне тікелей басшылық жасау Президентпен,  
Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас  
Прокуратурамен

және басқа да мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста Үкіметті білдіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған  
іс-қимыл бағдарламасын іске асыруға жалпы басшылық.

Құқықтық және әскери реформаларды және құқық қорғау органдарының  
іс-қимылдарын жүзеге асыруды үйлестіру:

Кадр мәселелері.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары -  
Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі  
мемлекеттік комитетінің төрағасы О.Ә. Жандосов

Инвестициялық және кәсіпкерлік (іскерлік) ахуалды жақсарту, шағын  
бизнесті дамыту мәселелері.

Зейнеткерлік реформасы мен міндетті медициналық сақтандыру реформасын  
жүзеге асыруды үйлестіру.

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік органдарды ақпараттандыру  
реформаларын жүзеге асыруды үйлестіру.

Бәсекелес рыноктарды дамыту және табиғи монополияларды реттеу  
мәселелері.

Макроэкономика және қаржы салалары мәселелері.

Дүниежүзілік сауда ұйымын қоса алғанда, халықаралық қаржы және  
экономикалық ұйымдармен өзара іс-қимылды үйлестіру.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Ж.С. Кәрібжанов

ТМД елдерімен және олардың интеграциялық бірлестіктерімен өзара  
қатынастарды үйлестіру.

Экономиканың аграрлық секторындағы реформаларды үйлестіру.

Елдің табиғи газға сұранысын қамтамасыз ету мәселелері.

Халық санағын жүргізуді ұйымдастыру мәселелері.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
А.С.Павлов

Фискальдық саясатты жүзеге асыруды үйлестіру.  
Еңбек қатынастары реформаларын жүзеге асыруды үйлестіру.  
Мемлекеттік меншікті тиімді пайдалану және жекешелендіру, ірі өнеркәсіп кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру мәселелері.  
Атаулы әлеуметтік көмек жүйелерінің құрылуы мен іске асырылуына бақылау жасау.  
Аймақтық даму мәселелері.  
Мемлекеттік статистика мен бухгалтерлік есепті жетілдіру мәселелері.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Б.М. Тұрсымбаев

Тұрғын үй-коммуналдық реформаларды жүзеге асыруды үйлестіру.  
Туберкулезге қарсы күрес және халықты егу жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруды үйлестіру.  
Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелері.  
Көші-қон және демографиялық саясат мәселелері.  
Шағын қалаларды тұрақтандыру және дамыту мәселелері.  
Астана қаласын дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.